

Мақала

FTAMP 16.21.45

<https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-2-18-29>**Б.Қ. Момынова** 

филология ғылымдарының докторы, профессор,
А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: momynova_b@mail.ru

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ АТАУЛЫҚ ТІРКЕСТЕР: БАСПАСӨЗДЕГІ ЖАҢА ЖӘНЕ КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫМДЫ АТАУЛАР

Андатпа. Мақалада номинация теориясы бойынша екінші номинациялық бірліктер тілдік жүйеге еніп, лексикографиялық практиканың фактілеріне айналатыны атаулық тіркестер негізінде дәлелденеді. Атауланудың аспектілері аталады, тіркестердің атаулануы түрік изафетімен байланыстырылады. Тілдік және сөйлеу тіліндегі номинациялардың айырмашылықтары айтылады. Атаулану үдерісіне жазудың әсері бары мысалдармен дәлелденеді. Мысалдар атаулық тіркестердің қазіргі қолданысын көрсету мақсатымен 2023 жылғы мерзімді басылымдардан іріктелді, өйткені жаңа сөздер алдымен ғылыми әдебиетте, публицистикалық стильдерде көрінеді, біртіндеп сала терминдерінің қатарын толықтырады. Олардың өзге тіркес түрлерінен айырмашылығы аталып, нәтижесі анық болуы үшін сызбаға түсірілді. Мақала талдауға сұранып тұрған әрі қажеттілік бар өзекті мәселе – атаулануға арналған. Өйткені номинативтену ертеден кез келген тілдің сөздік қорын байытудың адамзатпен бірге жасасып келе жатқан тәсілдерінің біріне жатқызылып келеді, ал қазіргі таңда тиімді тәсіл түрі саналады. Мақаланың мақсаты – атаулық тіркестердің лексикаланып, сөздіктерде тіркелгенге дейінгі дамуын ғылыми тұжырымдар негізінде талдау; сөздіктерде тіркеудің қажеттілігін, практикалық маңызын, сөздік қорды көбейтетінін дәлелдеу; тіркестердің лексикалану үдерісінің үздіксіздігін, атаулану барысына емленің әсері болатынын көрсету; екі компоненттен тұратын атаулық тіркестерден бөлек құрамы екі компоненттен асатын кешенді атаулық тіркестерді нәтиже ретінде көрсету.

Тірек сөздер: номинативтену, атаулану, тіркес түрлері, екіншілік номинация, түрік изафеті.

Б.К. Момынова

доктор филологических наук, профессор,
Институт языкознания имени А. Байтұрсынұлы,
Казахстан, г. Алматы, e-mail: momynova_b@mail.ru

НОМИНАТИВНЫЕ СЛОВСОЧЕТАНИЯ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ: НОВЫЕ И СЛОЖНОСОСТАВНЫЕ НОМИНАТИВЫ В ПЕРИОДИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ

Аннотация. В статье на основе именных словосочетаний доказываем, что согласно теории номинации производные номинативы входят в языковую систему и становятся фактами лексикографии. Отмечены аспекты наименования, где наименование словосочетаний рассматривается в связи с турецким изафетом. Определены различия между языковыми и разговорными языковыми номинациями. Влияние письма на процесс наименования доказывается примерами. Примеры были отобраны из периодических изданий 2023 года с целью показать текущее использование именных словосочетаний, поскольку новые слова сначала появляются в научной литературе, публицистическом стиле, постепенно пополняя ряды отраслевых терминов. Была упомянута разница между ними и другими типами словосочетаний, для наглядности результат был нанесен на чертеж. Статья посвящена актуальному и достаточно востребованному вопросу – номинативности. Потому что номинация с давних времен относилась к одному из способов обогащения словарного запаса любого языка, и в настоящее время является одним из эффективных методов. Цель статьи – на основе научных данных проанализировать развитие именных словосочетаний до их лексикализации и регистрации в словарях; доказать необходимость регистрации в словарях, практическую значимость, увеличение словарного запаса; продемонстрировать непрерывность процесса лексикализации словосочетаний, влияние орфографии на процесс наименования; в результате показать, что кроме именных словосочетаний, состоящих из двух компонентов встречаются комплексные именные словосочетания, состав которых превышает более двух компонентов.

Ключевые слова: номинация, наименование, типы словосочетаний, вторичная номинация, тюркский изафет.

В. Momynova

Doctor of Philology, Professor,
A. Baitursynuly Institute of Linguistics,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: momynova_b@mail.ru

NOMINATIVE PHRASES IN THE KAZAKH LANGUAGE: NEW AND COMPLEX NOMINATIVES IN PERIODICALS

Abstract. The article proves on the basis of nominal phrases that, according to the theory of nomination, derived nominatives enter the linguistic system and become facts of lexicography. The aspects of the name are noted, the name of the phrases is considered in connection with the Turkish *izafat*. The differences between linguistic and spoken language nominations are noted. The influence of writing on the naming process is proved by examples. Examples were selected from periodicals in 2023 in order to show the current use of nominal phrases, as new words first appear in scientific literature, journalistic style, gradually replenishing the ranks of industry terms. The difference between them and other types of phrases was mentioned, for clarity, the result was plotted on the drawing. The article is devoted to an urgent and quite popular issue – nominativeness. Because nominativity has long been one of the ways to enrich the vocabulary of any language, and is currently one of the most effective methods. The purpose of the article is to analyze the development of nominal phrases on the basis of scientific data before their lexicalization and registration in dictionaries; to prove the need for registration in dictionaries, practical significance, increase in vocabulary; to demonstrate the continuity of the process of lexicalization of phrases, the influence of spelling on the naming process; as a result, to show that in addition to nominal phrases consisting of two components, there are complex nominal phrases whose composition exceeds more than two components.

Keywords: nomination, name, types of phrases, secondary nomination, Turkic *izafat*.

Кіріспе

Номинативтену немесе атаулану – адамзатпен бірге жасап келе жатқан құбылыс. Адамның ойы, ойлау қабілеті дамып, дүниені кеңінен таныған сайын затты жаңа сөзбен атауға мұқтаждық пайда болады. Бұл атаулар тудырудың негізгі уәжі. Қазақ тіліндегі атаулану үрдісі түрік *изафетімен* байланыста қарастырылатын күрделі үдеріс және сөздердің тіркесу амалдары осы үдеріске қатысады. Сондықтан екіншілік мағынамен, синтаксистік тіркестен туынды күрделі сөзге айналған лексикаланған тіркестердің сөзжасам саласында зерттелуі әлі де болса қарастыруға сұранып тұрған мәселелердің бірі.

Адам ойының дамуы және ой нәтижесін атаудың қажеттілігі тілдегі номинативтену құбылысын тудырады. Бұл турасында В.Гактың: «Тілдік номинацияларда номинат – қолтаңба, тілдік ұжымның әлемді шартты түрде бөлуінің нәтижесі; сөйлеу номинацияларында сөйлеушіге объективті түрде берілген денотат», – деген пікірі бар (Гак, 2000: 255).

Тақырып өзекті мәселеге орай көтеріліп отыр. Номинатив немесе атаулану теориясы жалпы тіл білімінде жан-жақтылығымен, көпаспектілігімен ерекшеленеді. Тіл аралық қарым-қатынастар мен интеграциялық үдерістер күшейген сайын номинативтенудің қырлары көбейеді, ал жазба коммуникация қазақ тіліндегі атаулануға жазу және орфографиямен байланысты өз өзгерістерін енгізе беретіні бүгінгі күннің шындығына айналып отыр. Бұл мақаладағы ойдың өзектілігін білдіретін бір белгі. Атаулану теориясын игерудің сөздіктерге жаңа материалдар енгізуде, сөз құрамын яки реестр сөздерді жаңалауда, олардың сөздік мақаласын реттеуде тигізер ықпалы зор болса, мақаланы жазуға итермелеген келесі өзектілік деп осыны атауға болады. Жазу үлгілерін ұсынуда да атаулану үдерісінің өзектілігі байқалады.

Тіл-тілдегі номинация теориясы күрделі құбылыстарды зерттейді және түрлі аспектілерден құралады.

Номинативтенудің аспектілеріне: тілдің номинативті (атаулық) аспектісі: сөз және сөз тіркестері; сөйлеудің номинативті аспектісі: фразалар, сөз-сөйлемдер, сөйлем-терминдер; ономазиологиялық номинация: адам, жер-су аттарының номинативтенуі жатады. Аталған аспектілердің ішінде тілдің номинативті аспектісі зерттеушіні этимологиялық ізденістер жасауға жетелейді. Өйткені тілдегі бастапқы номинацияның нәтижелері этимологиялық, тарихи немесе мотивациялық талдауларда ғана «ашылатын» туынды емес (жасалымды емес немесе жасалмайтын) мазмұн ретінде танылады. Мұндай лексикалық бірліктер тікелей номинативті мәнге ие. «Тілдің номинативті қызметін зерттеу кезінде лингвистикалық формалардың таңбалық үдерістегі ұйыстырушылық рөлін, олардың ұғымдарды лексикалық мағыналары бар бірліктерге айналдыруға әсерін, қолданылатын құралдар мен адамның санасында көрінетін шындықтың әр түрлі фактілерін белгілеу тәсілдерін анықтау қажет» (Гак, 2000: 255).

Материал және әдістер

Мақалада тақырыпқа сай талдауға қажетті материалдар мерзімді басылымдардан іріктелді, яғни кез келген тіркес емес, атаулану үдерісінің талаптарына сай келетін тілдік фактілер

іріктелді. Тіркес түрлері мен атауланған тіркестердің айырмасын көрсетуде де іріктеу тәсілі қолданылды. Ал іріктелген материалдар жасалу жолына, мағынасына қарай топтастырылды. Демек, топтастыру, жинақтау тәсілдері де мақаланы жазу барысында қолданылды деген сөз, осы тәсілдер арқылы іріктелген материалдар жіктелді. Тіркес түрлерінің жасалу жолын, мағынасы мен құрылымындағы айырмашылықтарды анықтауда, түсіндіруде жинақталған мысалдар салыстырылып отырды. Атаулық тіркестердің өткен ғасырдан бері жазба мәтіндерде кездесетіндігін көрсету мақсатында бір ғасыр бұрынғы мерзімді басылымдардан іріктелген материалдар мен қазіргі баспасөз материалдары салыстырылды, бұл тарихи әдіс-тәсіл де мақаланы жазу барысында қолданылғанын білдіреді.

Әдебиетке шолу

Мақаланы жазу барысында қазақ тіл білімі, орыс және шетел ғалымдарының номинация теориясына арналған ғылыми еңбектеріне сілтеме берілді. В.Гактың тілдегі номинативтену, номинативтенудің адам санасында шындықты бейнелейтіндігі, белгілеу үшін тәсілдер жиынтығын анықтау қажеттілігіне байланысты айтқандары, номинат мен денотат туралы кең таралған көзқарасы тірек ретінде алынды.

Сондай-ақ ғалымдар С.Исаев, Ә.Аблақов, Б.Қасым т.б. монографияларындағы тақырыпқа тікелей қатысы бар тұжырымдары, түрік изафетінің түрлері мен тіркестің атаулануға дейінгі сатылардан өту заңдылығы туралы пікірлері, дәлелдері мақала жазу барысында қажетіне қарай қолданылды. Атаулану үдерісіне арнайы тоқталған Н.Ә. Ильясова (Ильясова, 2003: 25), М.Сарсембаева (Сарсембаева, 2004: 24), Ж.Әуелбекова (Әуелбекова, 2005: 23) т.б. зерттеушілердің кандидаттық диссертацияларындағы сөз тіркестерінің байланысу тәсілдерінің атаулану үдерісіндегі орны жайлы көзқарастары талдау барысында кеңінен пайдаланылды.

Нәтижелер және талқылау

Мақалада номинативтенудің түрлі аспектілері атап өтілді. Өйткені жалпы тіл білімінде сөйлеудің номинативті қызметі мен тілдегі номинативті қызметті екі бөлек қарастыру өзекті мәселе ретінде жиі зерттеледі. «Тілдік номинациялар «үнемі уәжденбейді, яғни мотивацияланбайды»; ал сөйлеу номинациялары «әрқашан уәжделеді, яғни мотивацияланады», өйткені «денотат ойлау арқылы игерілгенде, ол осы тіл үшін міндетті форманы алады» деген көзқарас (Гак, 2000: 255) тіл және сөйлеу үдерісінің номинативтенуге байланысты жеке-жеке қарастыруға сұранып тұрғанын білдіреді.

Номинативтену – қазақ тіл білімінде зерттеушілер назарында жүрген тілдік құбылыс әрі қалыптасуы барынша көрсетіліп жүрген құбылыс. Мысалы, М.Сарсембаева «Матаса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы негізінде жасалған туынды сөздер семантикасы» атты кандидаттық диссертациясында изафеттік тіркестер арқылы жасалған атаулар туралы айта келіп туынды сөздерді былайша топтастырады: «1) ауызекі лебіз арқылы қалыптасқан атаулар; 2) жазба тіл негізінде термин болып қалыптасқан атаулар; 3) жер-су атаулары; 4) әртүрлі мекеме атаулары; 5) газет, журнал атаулары» (Сарсембаева, 2004: 5). Әрине, бұл бөлініс жалпы тіл білімінде көрсетілген номинативтену аспектілерінен бөтен емес, соның дәл өзі деуге болады және номинативтену немесе екіншілік номинация тіл-тілдегі сөздік қорды байыту құралы, сөз жасаудың белсенді тәсілі екенін тағы бір мәрте айғақтайды. Ал олардың екіншілік болатын себебі, «екінші номинация – тілде бұрыннан бар номинативті құралдарды жаңа функциясында қолдану процесін» білдіреді (Сарсембаева, 2004: 5).

Номинациялардың көпшілігі бағалауда пайдаланылады. Екіншілік номинация үдерісіне метафоралық және метонимиялық трансферттер, сондай-ақ мағынасы мәнмәтінге, сөйлеу актісіне байланысты сөйлеу тілінің (ауызша) белгілері жатады. Екіншілік номинациясы бар сөздер тілдік жүйеге енеді, сөйтіп лексикографияның (сөздерді реестрге енгізу практикасының) фактілеріне айналады. Сондай-ақ метафора мен метонимия қайталама жанама номинация ретінде қарастырылады. Ал аббревиатураларды реноминаттар ретінде қолдана отырып, ана тілінде сөйлейтіндер мұндай бірліктерді тек екінші мағынада ғана емес, сонымен бірге «декодтаусыз» танылатын бірліктер деп қабылдайды. Туынды немесе бейнелі мағына аббревиатураға ғана емес, тәуелсіз өмір сүре алатын дыбыс кешеніне де тән.

Сөйлеу тіліндегі атаулану үдерісі және сөйлем-терминдер. Сөйлеу тіліндегі атаулану

үрдісіне қатысты тұшымды пікір айтылған еңбек ретінде зерттеуші Г.Сағанаеваның «Әскери саптық бұйрықтар тілі» (Сағанаева, 2009: 53) еңбегін атауға болады. Осы еңбекте саптық бұйрықтардың қалыптасу тарихына тоқтала келіп, автор: «Ұлы Отан соғысы жылдарында берілген бұйрықтардың бізге тілдік факт ретінде жеткен үлгілері, негізінен, ұрыс жағдайында берілген бұйрықтар. Бірақ қай кезде де әскери бұйрықтардың ауызша берілгені белгілі», – деген тұжырым айтады (Сағанаева, 2009: 53-54). «Әскери терминдер мүмкіндігінше қазақ тіліне аударылып, оларға қысқаша түсінік беріліп кеткен: Влево развернись! («Солға жайылы!» деген команда; Колонна по два! – «Екі-екіден тізіліңдер!» деген команда; Шаг назад! – «Бір қадам артқа!» деген команда; Шагом марш! – «Алға адымдай атта!» деген команда» т.б. деректерді (Орысша-қазақша әскери сөздік, 1942: 204) келтіреді (Сағанаева, 2009: 57). Сөйтіп, сөйлеу тілінде атаулану үрдісі жүретін салалар барын (әскери, спорт) анық көрсетеді. Мақаланың басында тілдік және сөйлеу тіліндегі номинациялар туралы пікірдің не үшін айтылғанын дәлелдеу мақсатында осы мысалдар мен дәйексөз келтірілді. Әрі келтірілген мысалдар сөйлем-терминдердің де атаулануда ерекше орын алатынын көрсетіп тұр.

Атаулық тіркестер және сөз тіркестерінің түрлері. Атаулық тіркестер – номинативтерді жасаудың бір амалы, оларды тіркес түріндегі номинативтер деуге болады. Номинативті тіркестер туралы зерттеулерде бұл құбылысты сөз тіркесімен тығыз байланыстырады. Алдымен олар сөз тіркесі түрінде қалыптасады, бара-бара, жұмсала келе, даяр күйінде қолданылатын дәрежеге жетеді. Бірақ осы дайын күйінде қолданылғанға дейін тұлға жағынан да, мағына жағынан да өзгерістерге ұшырайтынына назар аударып отырып, еркін сөз тіркестерінің лексикалануы немесе атаулануы жайын сөз еткен түрколог ғалымдар бұл құбылысты теориялық тұрғыдан дамыта алды.

Атаулану – ертеден бар құбылыс. Атаулық тіркестерге алғаш көңіл аударған профессор Н.Т. Сауранбаев: «Изафеттік тіркесте ілік жалғауы бірде жалғанып, бірде жалғанбайды. Мұның себебі ілік септіктің иелік мағынасының айқындалып, я көмескіленіп айтылуынан. Ілік жалғауы түсіріліп айтылғанда, алдыңғы сөздің иелік, субстантив мәні сезілмейді, көмескіленеді де екеуі бір сөз мағынасында айтылады, яғни атауға айналады», – дейді (Сауранбаев, 1953: 45). Осы құбылысты ғалым тілдегі сөз тудыру жүйесінің, жаңа сөз, атау жасаудың тәсіліне жатқызады. Тілдік тәжірибеге қарағанда олар термин сөздерге бірте-бірте айналады.

Бұл пікірдің негізсіз емес екенін С.Исаев пікірі бекіте түседі: «Бұл кезеңде (советтік) бұрын ана тілімізде болмаған жаңа тіркестер туды. Орыс тіліндегі кейбір терминдік лексика қазақ тіліне тіркеспен аударылып жүрді: *прение – талас сөз* не *жарыс сөз*, *договор – уәде қағаз* не *шарт қағаз*, *частный* (капитал) – *жеке байлар* (капиталы) т.б. Орыс тілінің әсерімен қазақ тілінде жаңа тіркестер пайда болды: *ашық хат* (открытое письмо), *ұлт мәселесі* (национальный вопрос), *күн тәртібі* (повестка дня), *тап тартысы*, *тап күресі* (классовая борьба) және т.б.

Әрине, тіркестердің атаулануын тек советтік кезеңге телігеннен гөрі өркениетпен байланысты көбейе түскен кальканың нәтижесі, сөздік құрамды көбейтудің бір амалы деген жөн. Зерттеуші Г.Тулекова өркениеттің тілге ықпалы туралы осы ойдың дұрыстығына күмәнсіз қарайды: «Сөздердің тіркесу қабілетінің артуы, біріншіден, тілдің ішкі даму мүмкіншіліктеріне негізделсе, екіншіден, өзге тілдердің, әсіресе, орыс тілінің ықпал, әсеріне негізделеді. Себебі тілдік құрамдағы қолданыста жүрген сөздеріміз кірме сөздермен толығып отырады. Демек, сөздердің мағыналық жағынан дамып жетілуі, жаңа сөздердің пайда болуы, сөйлемнің ықшамдала қолданылуы т.б. жаңа сөз тіркестерінің қалыптасуына негіз болады» (Тулекова, 2019: 50). Өйткені «атаулық тіркестердің үлгілері советтік кезеңнен бұрын «Қазақ» газетінде (1913-1918) де болды, мысалы: *ұлт мәселесі*, *ұлт намысы*, *ұлт жұмысы*, *темір жол*, *ауыз хабар*, *алым құлағы*, *жүргінші пойыз*, *алаш партиясы*, *партия ұраны*, *партия басылары*, *социализм жолы* т.б.» (Момынова, 2023: 101). Осы үлгінің ізімен туындаған «*саяси байкот*, *саяси күйзеліс*, *қоғамдық пікір*, *жаһандану үдерісі*, *әлемдік арена*, т.б. – калькалар, тіркес түріндегі атаулар, жаңа атаулар» (Момынова, 2005: 85). Келтірілген мысалдардың бәрі де тіркес түріндегі атаулар.

«Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі» еңбегінде авторлар тіркестерді үш топқа бөледі: 1) еркін тіркес; 2) түйдекті тіркес; 3) тұрақты тіркестер. Тұрақты тіркестерге: 1) фразеологиялық тіркестерді; 2) атаулық тіркестерді жатқызады (Аблақов т.б.

1997: 68). Екі топтастырудың бір-бірінен айырмашылығы бар. Бірінші топтастыруда (М.Сәрсембаеваның топтастыруы) автор тіркестерді ауызекі лебіз бен жазба тілдегі терминдер деп бөліп, жазба тіл мен ауызекі тілді негізінде жіктегендей болғанмен, келесі бөліктерінде тіркестердің семантикасы жіктеуге негіз болып, ой бірізділігі сақтамаған. Ал екінші топтастыру (Аблақов пен Исаевтың топтастыруы) бірізді, жүйелі. Тіркес түрлері жасалу жолдары мен тіркес құрамына қарай, яғни синтаксистік тұрғыдан топтастырылған.

С.Исаев *атаулық тіркестердің* синтаксистік сөз тіркестерінен де, фразеологиялық тіркестерден де едәуір айырмашылығы барын (Исаев, 1973: 67) айтып, мынадай фактілерді келтіреді: *темір жол* – фразеологиялық ұласым, *соқыр ішек* – фразеологиялық бірлік, *сұрау белгісі* – фразеологиялық тіркес, *саяси экономия* – фразеологиялық орам. Ғалым атаулық тіркестерді осы төрт топтан да бөлек қарастырады. Тұрақты тіркес деген атауды фразеологизмдерге байланысты (идиома, фразалық тіркес, мақал-мәтелдер және т.б.) және басқа да тұрақты тіркестердің басын біріктіретін жалпы атау, категория атауы ретінде атаулық тіркесті ұсынады (Исаев, 1973: 67). Кейде оларды «атауыштық» деп айту кездеседі, айналып келгенде, ол да өрескел қате емес, себебі бұл қолданыс А.Ысқақовтың тілдегі сөз атаулыны қызметі мен қасиетіне қарай *атауыш (атаушы) сөздер, көмекші сөздер, одағайлар* деп бөлуіне орайластырылған. Жарыспалылық орын алмас үшін «атаулық тіркестер» деген атау қалады.

Еркін тіркестердің атаулық тіркестерден негізгі айырмашылығы оларда номинативтік мән болмайды. Айта кету керек, еркін тіркес құрамындағы компоненттерінің орны тұрақты емес, олардың саны шектеулі болмайды. Ал атаулық тіркестердің құрамы, компоненттерінің саны белгілі бір дәрежеде шектеулі, ең маңыздысы, мағынасы даму нәтижесінде атауларға тән мағына бере бастайды. Бірақ «Атау мәнді тіркестердің тұрақталып, лексикалық единицалар қатарына жетуі біркелкі емес» (Аблақов т.б., 1997). Біркелкі, бір уақыт көлемінде бола қалатын процесс болмайтыны түсінікті, себебі ол уақытқа, тіл иелерінің талғамына, әдеби тілдің қалыптануына байланысты болып келеді. Сондықтан атаулық тіркестердің тілдегі өзге тіркес түрлерінен айырмашылығы болуы заңды. Ол ерекшеліктерді салыстыру арқылы көруге болады. Соның бірі фразеологиялық тіркестердің атаулық тіркестерден айырмашылығын С.Исаев пікірін негізге ала отырып (Исаев, 1973: 73-77), салыстырып, кестеге түсірсе, анығырақ әрі түсінікті болады.

1-кесте – Фразеологиялық тіркестердің атаулық тіркестерден айырмасы

Фразеологиялық тіркестердің ерекшелігі	Айырмасы	Атаулық тіркестердің ерекшелігі	Тіркес түрлерінің ұқсастықтары
1. Атаулық мағынада қолданылмайды. 2. Айтушының көзқарасымен шектеледі, затқа деген сөйлеушінің ойынан туған шарттылық басым, дәлді болмайды. 3. Айтып тұрған (сөйлеу кезіндегі) уақыттағы заттың нейтральді түрі ғана емес, оның бойындағы бар көркемдігін, экспрессиялығын, сындық, сапалық қасиетін байқатып, сөйлемдегі қызметі арқылы сөз, сөз тіркестері білдіре алмайтын көркемдікті білдіреді. 4. Эстетикалық функция атқарады. 5. Метафоралық ауыспалы мағынада қолданылады да, еркін тіркестермен омонимдік қатар құрайды. 6. Мағынасы тіркес құрамындағы компоненттерінің мағыналарынан туындамайды, контекстік сипаты болады. 7. Компоненттері құрамында мағынасы күнгірт сөздер болады.	Экспрессивті-эмоционалды сипаты бар.	1. Көркемдік, бейнелік мақсатта қолданылмайды. 2. Белгілі заттың, құбылыстың номинативті атауы. 3. Терминдік мәні бар, мағынасы дәл, нақты болады. 4. Барлық адамдардың ұғымында бірдей болады. 5. Коммуникативтік қызмет атқарады. 6. Синонимдері болмайды. 7. Атаулық тіркестердің құрамындағы сөздердің мағынасынан тіркес мағынасы алшақ кетпейді, басқа тіркестерден мотиві бөлек болады. 8. Құрамында мағынасы күнгірт сөздер болмайды. 9. Компоненттерінің орнын ауыстыруға болмайды. 10. Көбінесе орыс тілінен енген сөздерді аудару барысында кальканың әсері болады.	Алдыңғы сөз екінші сөзді анықтап тұратын анықтауыштық қатынасқа құрылады. Атаулық тіркестерде осы анықтауыштық қатынас көмескіленіп, тіркес мағынасы лексикаланады.

Клишелер және атаулық тіркестер: Тілдегі екі құбылысты салыстырғанда бірнеше ұқсастықтары анықталды: а) атаулық тіркестер көбінесе, алғашқыда БАҚ-та және ғылыми мәтіндерде ұшырасады; ә) клишелердің тұрақты түрде қолданылатын орны – БАҚ. Себебі, БАҚ-та дайын формулалар, стандарттар, клишелер, жаңа ұғым атаулары көп кездеседі, ол публицистиканың стильдік заңдылығынан туындайды; б) атаулық тіркестер де, клишелер де – өміршең құбылыстар; в) екі құбылысқа тән ерекшелік яки ұқсастық – компоненттерінің тұрақтылығы; г) екі құбылысқа да бейнелілік тән емес.

Екі құбылысқа тән негізгі *айырмашылықтар:* а) тұрақтылығы басым клишелердің біразы тіркес емес, аяқталған ойды білдіретін сөйлем түрінде болуы; ә) клишелердің термин қабатының бірлігі болуға әлеуетінің төмендігі; б) керісінше, «әдеби тілдегі ең үлкен қабатты құрайтын терминдер құрамында атаулық тіркестердің болуы» (Момынова, 2020). Міне, осы келтірілген салыстырулар арқылы клишелерді атаулық тіркестерден айырудың белгілері қалыптасады. Клишелерге мысалдар: *адамгершілігі үшін бағалау, адамгершілігі үшін сыйлау, адамдықтан аттамау, адамишылықты аяққа таптау, қайда екенін айқындау, ...көмегі арқылы айқындау, мәліметтер бойынша айқындау, электр энергиясына айналдыру, рухани қазынаға айналу, ақша айналымын икемді ету, ақша айналысын қолдау, зерттеу жұмыстарымен айналысу және т.б.* Бірақ сөйлем-термин түріндегі номинативтердің спорт пен әскери салада да кездесетіні туралы алдында айтылғанын ескерту орынды.

Клишелерді арнайы зерттеген М.Мәмбетова оларды жасалу жолдарына қарай бірнеше топқа бөледі. Клишелерге мысалдар: *еңбек тәртібі, валюта бағамы, ақша айналымы, жұмыс орны, абсолют белгісі, абсолют биіктік, абсолют шама, абсолют ылғалдылық, абыз адам, абыз би, дала абызы, автопойыз қызметі, аға буын, ағалар алқасы, ұшу алаңы, шағын алаң, алапат айқас, алапат аймақ және т.б.* (Мысалдардың арасында атаулық тіркестер де бар екенін ескерту керек – Б. М.).

Осы топтағы кейбір тіркестердің алдыңғы компоненті ілік септігінің жасырын тұруымен ерекшеленеді, мысалы: *ағалар алқасы, ұшу алаңы т.б. Абыз жасы – абыздың жасы, дала абызы – даланың абызы, автопойыз қызметі – автопойыздың қызметі, т.б.* (Мәмбетова, 2011: 127).

Атаулық тіркестер – жазба коммуникация туындылары ретінде. Атаулық тіркестердің жазба коммуникация күшейген сайын көбейе түсуі бұл үдерістің тоқтамайтын үдеріс екенін білдіреді, өйткені жаңа тіркестер жаңалықтармен бірге қолданысқа еніп отырады. Мысалы: *мемлекеттік қолдау: Мемлекеттік қолдау бағдарламалары әлемде кеңінен таралған тәжірибе, соның нәтижесінде экономиканың белгілі бір салаларын дамытуға жол ашылып, ол өз кезегінде экономикалық өсімді ынталандыруға тиіс* (Егемен Қазақстан. 27 желтоқсан, 2023, №248 (30727)), *атаулы грант: Қолдаудың да сан түрі бар – атаулы грант, субсидия, не болмаса жеңілдетілген шартпен берілетін кредит* (Егемен Қазақстан. 27 желтоқсан, 2023, №248 (30727)); *экономика драйвері: Экономиканың негізгі драйвері саналатын ауыл шаруашылығы өнімінің жалпы көлемі – 69 млрд. теңге, былтырғымен салыстырғанда – 90,2 пайыз* (Егемен Қазақстан. 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728)); *депутаттық сауал: Бұл министрлерге қойылған сұрақтарда да, заң жобаларын талқылау кезінде де, депутаттық сауалдарда да анық байқалады* (Егемен Қазақстан. 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728)); *саяси мәдениет: Осылайша бәріміз жаңа саяси мәдениетті қалыптастыруға атсалыстық* (Егемен Қазақстан. 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728)).

Бірақ кейде жазу атаулық тіркестер құрамына өзгерістер енгізеді. Қазіргі қазақ тілінде бұрын атаулық тіркес (тұрпатына қарай, яғни жазылуына қарай) деп танылып жүрген жүздеген тіркестер кейінгі кезде бірге жазылып, тіркестік сипатын жойғаны мәлім. Бірақ атаулық қызметтерін жоғалтпаған.

Тіркесті немесе тіркес құрамындағы сөздерді «біріктіру, бірге жазу бірте-бірте кең өріс алып отырғанын, тілдің түрлі салаларымен тығыз байланысты орфографияның, жазудың коммуникативтік қызметін арттыруды жетілдіре берудегі үздіксіз процесс» деп танитын ғалымдар дұрыс жазылуы қиындық келтіретін Д1Д1, Д2Д1 қатынастағы лексикалық топты *құрама сөздер* деп атайды (Күдерина, 2001: 202-205). Қ.Күдерина ғалым Н. Уәлиұлының фразеологиялық коннотат-денотат теориясын құрама сөздерді бөлек, бірге жазуда негізге алғанын көрсете келіп, эндоцентрлі біріккен сөздер тобын уәжделуіне қарай бірнешеге бөледі. 1-

топтағы экстралингвистикалық мәнділікпен біріккен сөздердің екінші компоненті тура мағынасында қолданылатын *сарымай, көкқарға, көкпияз, ақбөкен* т.б. сөздеріндегі мағыналық жылжудың бірінші компонентке тән екенін, оның сөздерді біріктіретінін, лексикалық синтагмаларда екі қатынастың үлгісі де терминдік мәнге ие болған сайын бір таңбалану тұрпатын иемденіп, сөздіктерде реестр сөздер қатарын толықтыратынын, ал синтаксистік сөз тіркесі деңгейіндегі тілдік бірліктер Д1Д1 қатынастағы немесе бірге таңбалануы қиын сөздер болып табылатынын айтады. Ал атаулық тіркестердің бір таңбалану тұрпатын иемдену мүмкіндігі аз, өйткені ол Д1Д1 қатынастағы құрама сөздерге (ат қора секілді) ұқсас. Дегенмен, сөздіктерде олар бірге таңбаланған, сондықтан жазу атаулық тіркестердің тұрпатына, тіпті мазмұн межесіне де өзгеріс енгізді деуге болады. Мысал ретінде, *ақ табан* (бірінші түсіндірме сөздік) – *ақтабан* (соңғы түсіндірме сөздік) – *ақтабан* (орфографиялық сөздік). Осы үлгімен: *ақ саусақ – ақсаусақ; бір үзім – бірузім, көк езу – көкезу – көкезу, кер езу – керезу – керезу, екі ойлы – екіойлы – екіойлы* және т.б. келтіруге болады. Бірақ түсіндірме және орфографиялық сөздікте осы сияқты сөздердің екі түрлі жазылып жүргендері аз емес. Сөздерді біріктіріп жазудың олардың тілдегі басқа категорияға (тіркестік сипаты жойылған) өтуіне ықпалы бары байқалады. Ал тіркесу тұрпатынан айырылған сөздерді атаулық тіркестер қатарына жатқызу мүмкін емес, бірақ біріккеннен соң да олар номинативтілігін сақтап қалғаны мысалдардан көрініп тұр. Барлық тіркестер дәл осындай жазу арқылы өзгеру сатыларынан өткенде, мағынасы не болмаса функциясы өзгеруі ықтимал. Яғни жазудың тілдік бірліктердің функциясы мен мағынасына әсері бар, бірақ ол әсердің қандай өзгеріске жеткізетіні әрбір атаулық тіркесті жеке қарастырғаннан соң анықталады.

Кешенді атаулық тіркестер немесе жазу тұрпаты екінші рет өзгеріске түскен бірліктер. Соңғы жылдары бұрынғы тіркес компоненттері біріктіріліп, бір сөзге айналып, ол өз кезегінде өзге бір сөзбен тіркесіп жаңа атаулық тіркес жасалатын жайттар көбеюде. Оларды *кешенді атаулық тіркестер* (күрделі деген атау қолданылмайды, өйткені онсыз да күрделі құрамды) деп атау дұрыс көрінді. Осындай үдерістің барын көрсететін мысалдар атаулық тіркестердің, күрделі сөздердің ғылым салаларында қолданылатын терминдерге бірте-бірте айналатынын «Егемен Қазақстан» газетінің (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023) №248 және 249 сандарындағы, «Ақиқат» журналы, 2023, 12 нөмір, 4,5-8 беттеріндегі атауларды іріктеп алумен көрсетуге болады: *көпвекторлы саясат* (кешенді тіркес, себебі бұрынғы *көп + векторлы* (екі компоненттен тұратын) тіркес *саясат* сөзімен тіркесіп, үш компонентті болды (Тәуелсіздік алған кезеңнен бастау алып, бүгінде жемісті жалғасын тауып келе жатқан *көпвекторлы* сыртқы *саясат* доктринасы тек Қазақстан үшін ғана емес, алып державалар арасында өзара балансқа негізделген әрбір орта державалы мемлекеттің сенімді сыртқы саясаты стратегиясына айналды («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 4-б.), *түркітілдес (түркі + тілдес) мемлекеттер* (үш компоненттен тұрады). Бірақ *бір векторлы саясат* бөлек жазылып жүр. Осы мысалдар қатарына: *аймақаралық ұйым* (Ал 2009 жылы Нахчанда өткен Түркітілдес елдердің IX саммитінде Түркі кеңесі *аймақаралық ұйымын* құру жөнінде ұсыныс жасалды («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 5-б.), *командалық көшбасшылық* (Ол үміткерлердің мінез-құлық көрсеткіштерінің жиынтығы арқылы белгілі бір құзыреттерін (стратегиялық ойлау, проактивтілік, қызметті басқару, *командалық көшбасшылық*, сенімділік) анықтауға және бағалауға бағытталған («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 8-б.). Келтірілген кешенді атаулық тіркестердің номинативтенгенін олардың түрлене алуымен түсіндіруге болады. «Егемен Қазақстан» газетіндегі *жалпыелдік жобалар* – Нысаналы даму трансферттері тек аса маңызды инфрақұрылымды және *жалпыелдік* маңызы бар *жобаларды* қаржыландыруға бағытталады (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728); *бірмандатты округтер* – Мәжіліске алты саяси партия мен *бірмандатты округтерден* сайланған депутаттар келді (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728); *бюджетаралық қатынастар* – Төртінші *бюджетаралық қатынастарды* жетілдіру (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728); *жылыжай шаруашылығы* – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты жолдауында «Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік *жылыжай шаруашылықтарын* дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал» деген еді (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728) – деген

атаулық тіркестерді де құрамына (негізінен бірге жазылу тұрпатына) және білдіретін мағынасына қарай кешенді деуге болады.

Жиі қолданылатын атаулық тіркестер. Атаулық тіркестердің жиі немесе сирек қолданылуы қоғамдық өзгерістерге тәуелді. Бұрынғы жиі қолданылып жүрген сөздер өзгерістер әсерінен сирек қолданылатын перифериялық тілдік бірліктерге айналуы мүмкін. Қолданыс жиілігін осы тұрғыда шамалауға болады. Ал нақты қолданысы жиілік сөздіктерде көрсетіледі. Бірақ жиілік сөздікте жеке сөздердің жиілігі көрсетіледі, ал тіркестер өте аз. Мысалы *саясатсымақ* сөзінің мәтінді қамту жиілігі – 99,8590; ал *саяси-идеялық/сн.* қос сөзінің бір топ сөздің мәтінді қамту жиілігі – 99,8591, ал абсолютті жиілігі – 1 деп көрсетілген. Бір топ сөздің мәтінді қамту жиілік пайызы *саяси-көпшілік/сн.* – 99,8591, *саяси-мемлекеттік/сн.* – 99,8592, *саяси-үгіт/сн.* – 99,8592, *саяси-шаруа/зт.* – 99,8593, *саяси-шаруашылық* – 9,85939 деп көрсетілсе, осы күрделі сөздердің бәрінің де абсолютті жиілігі – 1 деп белгіленген (Қазақ тілінің жиілік сөздігі, 2016: 240). Бірақ ешқандай тіркес түрі қамтылмаған, яғни олардың жиілігі туралы мәлімет те жоқ. Реттілігіне қарай 21896-21910 нөмірлер аралығында орналасқан *саясат/зт.*, *саясатсымақ/зт.*, *саясаттық/сн.*, *саясатшы/зт.*, *саяси-әлеуметтік/сн.*, *саяси-бұқаралық/сн.*, *саяси-идеялық/сн.*, *саяси-көпшілік/сн.*, *саяси-қоғамдық/сн.*, *саяси-мемлекеттік/сн.*, *саяси-тәрбие/сн.*, *саяси-үгіт/сн.*, *саяси-шаруа/зт.*, *саяси-шаруашылық/сн.*, *саяси/сн.* белгіленімдерімен тіркелген сөздер арасында да тіркестер жоқ (Қазақ тілінің жиілік сөздігі, 2016: 440). Әрине, сөздік құрастырушыларының тіркес түрін о баста алмағаны анық. Сондықтан жаңа деп таныған тіркестер бүгінгі БАҚ беттерінде (2016-ға дейінгі емес) кездесуіне, қолданысына қарай іріктелді, сандық нақтылықпен жиілігі есептелмеді. Бірақ келесі жиілік сөздіктерде ол анықталады деп ойлаймыз.

Соңғы жылдардағы жиі қолданылатын атаулық тіркестерді сандық нақтылық тұрғысынан емес, қоғамдық мәселелердің өзектенуіне қарай да анықтауға болады: *мемлекеттік тіл, басқару академиясы, сараптамалық комиссия, ұлттық комиссия* (Ұлттық комиссияның отырысына сараптама комиссиясы ұсынған ең жоғары баллмен 65-тен аспайтын кандидат жіберіледі («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 8-б.)), *өңірлік бөлініс, мемлекеттік қызмет, мәдени сала, әлеуметтік байланыс, дипломатиялық қатынас, интеграциялық үрдіс, мәдени астана, сыртқы саясат, достық қарым-қатынас, әлеуметтік қорғау, әскери оқу-жаттығулар* (Қауіпсіздік пен терроризммен күрес саласында бірлескен *әскери оқу-жаттығулар* мен операцияларды өткізіп, сондай-ақ халықаралық ұйымдар арасында бірлескен шараларды жүзеге асыруда («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 5-б.)), *алпауыт империя* (Олар қазір *алпауыт империяға* тәуелді («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 5-б.)), *төрткүл дүние, жаһандық ықпал, геосаяси тұрақсыздық* (Себебі қазіргі таңдағы түркі аймақтарындағы *геосаяси тұрақсыздықтар* мен халықаралық құқық дағдарысы Түркі мемлекеттері одағы ұйымының әрбір ұйым мүшесі үшін ХХ ғасырда Мұстафа Шоқай аңсап кеткен Түркі интеграциясының мәні мен мазмұнын арттыратыны сөзсіз («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 6-б.)), *ұлттық мүдде* (Президенттік кадр резервтері *ұлттық мүддені* басшылыққа алады («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 7-б.)), *мәтіндік ақпарат, сандық ақпарат, кадр резерві, онлайн формат, офлайн формат* (Ассесмент-орталық Президент жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының базасында *офлайн форматта* өтеді («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 8-б.)), *өңірлік бөлініс* (Өңірлік бөліністе резервшілердің басым бөлігі Астана, Алматы қалаларынан және Павлодар облысынан ұсынылған («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 8-б.)), *түркі әлемі* (Түркі әлемі жаһандық ықпалы бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 9-б.)), *саяси қарым-қатынас* (Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары Қазақстан билігі үшін қос алып көрші Қытай және Ресеймен *саяси қарым-қатынас* қалыптастыру күрмеуі қиын мәселе болды («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 4-б.)) және т.б. Бұл мысалдар: а) қабыса байланысқан (түбір тұлғасындағы компоненттер): *алпауыт империя, төрткүл дүние*; ә) қосымшалар қосылып барып жасалады: *өңірлік бөлініс, ұлттық мүдде, интеграциялық үрдіс, әлеуметтік мәселе* (Бағдарлама арқылы тыңдарманға кеңес беретін заңгер Нұра Тынысқызының айтуынша, тыңдарман көбіне *әлеуметтік мәселе* бойынша хабарласады екен («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 3-б.)), *құқықтық сауат* (Заңгердің айтуынша, 21 жыл бұрынғы уақытпен салыстырғанда тыңдарманның *құқықтық сауаты* артқан («Ақиқат»

журналы, 2023, №12, 3-б.), *жаһандық ықпал* (Түркі әлемі *жаһандық ықпалы* бар елдермен тең дәрежеде қарым-қатынас жасап отыр («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 2-б.)); ә) матаса (байырғы және кірме сөздер ілік септігі және тәуелдік жалғауымен байланысады, бөлуге келмейді): матаса байланысқан атаулық тіркестер біз қараған материалдарда ұшыраспады. Бірақ прецеденттік деңгейде танылатын матаса байланысқан мынадай тіркестерді кешенді атаулық тіркестер деуге болатын сияқты: Т. Жүргеновтің басшылығымен 1936 жылы Мәскеуде өткен *қазақ әдебиеті мен өнерінің онкүндігі* ұлт мәдениетінің өркендеуіне, тіпті тәуелсіздікке қол жеткізуге игі әсерін тигізгенін баяндап берді (ЕҚ., 2023, №248 (30727)). Мысалдар атаулық тіркестердің жасалу жолын саралаған ізденістер, зерттеулер бойынша іріктелді.

Атаулық тіркестердің жасалу жолдары. Атаулық тіркестер құрамына қарай: байырғы сөздердің тіркесуі; байырғы сөздер мен орыс тілінен енген сөздердің тіркесуі; орыс тілінен енген тіркестерден болады (Момынова, 2005: 82-83). Бұл жіктеліс тіркестердегі сөз құрамына қарай жіктелген.

Синтаксистік тәсілдер тұрғысынан жасалу жолына қарай: а) *қабыса* (түбір тұлғасында – *темір жол*), қосымшалар қосылып барып (*орталық комитет*); ә) *матаса* (байырғы және кірме сөздер ілік септігі және тәуелдік жалғауымен) байланысады (олар бөлуге келмейді). Сондай-ақ компоненттерінің мағыналық қатысына қарай (бірінші сөз атау тұлғада екінші сөз тәуелділіктің 3-жағы – изафеттің 2-түрі тұратын – *халық соты*) тіркесетін атаулық тіркестер болады.

Матаса байланысу – қазақ тілінде сөздердің үш жақты байланысына негізделеді. Ғалым С.Исаев септіктердің көлемдік және грамматикалық түрлеріне тоқталу барысында матасуға ерекше көңіл бөліп, грамматикалық септіктердің ерекшеліктерін түсіндіруде пайдаланады, өйткені грамматикалық септіктер: а) өзі жалғанған сөзді екінші бір сөзге бағындырады, ә) бағыныңқы мен басыңқыны байланыстырады (сабақтаса және менгеру, қиысу байланысы) бірінші компонент септік тұлғасы арқылы екінші компонентке менгеріледі, бірақ бірінші компонент екінші компонентпен бір жақта қиысады әрі бір-біріне бағынады, сөйтіп үш жақты байланыс болады, бұл «түрік изафеті» деп аталады. Ілік септігі тұрған жерде тәуелдік жалғаудың болуы осындай құрылымға байланысты, бұл қазақ тіл білімінде матасу деп аталады. «*Матасу* – үш жақты байланысқа құрылған, *номинативтік қызмет* атқарады. Мұндағы тәуелдік жалғауы үш түрлі формада *тәуелділік, жақтық, жекешелік-көптік* мағынасын береді (Исаев, 1998: 95-96).

Ілік септігі мен изафеттік тіркес ерекшеліктері туралы айта келіп, С.Исаев: «Ілік септік пен табыс септік тұлғалары түсіріліп қолданылған жерде бұл тіркестің, ілік септікті сөз бен тәуелдік жалғаулы сөздің және табыс септікті сөз бен сабақты етістіктің арасына басқа сөз араластырып қолдануға болмайтындықтан, ол екі сөздің (ілік септік тұлғасы түсіп қалған сөз бен сабақты етістіктің) грамматикалық байланыс тұлғалары ғана ықшамдалып қоймайды, сонымен семантикалық жағынан да бір-біріне кіріге түсіп, лексикалана бастайды, бір ұғымның атауы ретінде, бір ғана сөздің мәнінде жұмсала бастап, тұрақты (идиомалық) тіркес, атаулық, терминдік тіркес, түбір етістікке (кұрамды) айналады. Кейде тіпті тәуелдік жалғауы да түсіп қалып, күрделі сөз болып та кетеді, *малазық* (малдың азығы – мал азығы – мал азық) т.б. Тілдегі барлық жартылай матаса байланысқан атаулық, терминдік, тұрақты тіркестердің әрқайсысын жеке-жеке *изафет III – изафет II – изафет I* өзгерісінен өткізу міндетті емес, олар даяр үлгі, модельге салынады: *қызмет ету – қызметті біреу ету – жасау*), *бет қою – бетті қою*» т.б. (Исаев, 1998: 105-106). Яғни, айтып өткендей, жазу моделінің атаулық тіркестердің қалыптасуына күшті әсері бар.

Изафеттің екінші түрінде (бірінші сөз атау тұлғада екінші сөз тәуелділіктің 3-жағы) тіркестерде тіркес құраушы сөздердің орын тәртібі тұрақты болады, олардың арасына басқа сөз қосуға болмайды. Бұл үлгі әр түрлі меншіктілік мағына, мекендік, өлшемдік, туыстық қатынастарды, тектің түрге, бүтіннің бөлшекке қатысы сықылды даралаушылық семантикада қолданылатыны М.Балақаевтың (Балақаев, 1957), С.Майзельдің (Майзель, 1957), Н.Дмитриевтің (Дмитриев, 1948) еңбектерінде қарастырылған. Соңғы тарихи кезеңдерде изафеттің екінші түрі «лексикалық жағынан толықты, тіліміздің сөздік құрамының баюының нәтижесінде пайда болған жаңа сөздер осы үлгі бойынша жаңа сөз тіркесін жасауға қатысты. ...Қазақ тілінде *әке*

сөзі, ай сәулесі, ата жолы, ақын өлеңі т.б. осы үлгімен жасалған тіркестер бұрынғыдан да жандана түсті. Оның бірден-бір себебі қоғамдық өмірдегі өзгерістер, адам ойының кеңейіп жетілуі, дүниетанымының артуы. Осы факторлардың бәрі тілге, оның сөздік қорының дамуына әсер етті» (Аблақов т.б., 1997: 151-158). Изафеттің II түрінің мағыналық ауқымы кеңейді: *электр жарығы, рентген сәулесі*, т.б. «...Бұрын заттық-қатыстық мағына мен меншіктілік мағына қатарласа жүрсе, кейінгі тіркестерде тек заттық-қатыстық сапаны білдіру және қатыстық семантика бар, ал меншіктілік семантика жоқ. ...Осы тіркестегі сөздердің бір-бірімен жымдасып, бір түйдекке айналуы, олардың арасында мағыналық тұтастық пайда болып, тіркестің лексикалық единицаға айналуы ...бүгінгі тілімізде сөз жасаудың жаңа құралына айналып бара жатыр» (Аблақов т.б., 1997: 151-158). Изафеттің 2-түрі арқылы қолданыста жүрген атаулық тіркестер – *түркі әлемі, ұлт бірлігі* (Ұлы ақын өзінің шығармаларында елдік мұратты асқақтатып, *ұлт бірлігін* көтерген («Ақиқат» журналы, 2023, №12, 2-б.); «Егемен Қазақстан» газетіндегі *библиофуршет* (2023, №249 (30728) – эмоциясы, экспрессиясы бар кірме сөздердің бірі – жаңа қолданыс. Соңғы жылдары тіркестерге қатысты қолданылып жүрген тыңдарманға (сөйлеу тілі) әсері тұрғысынан прагматикалық номинация немесе экспрессивті-эмоционалды номинация позициясына сүйенсек, *рухани шаңырақ* тіркесі де (Кітапқұмарлық – үлкен қасиет. Оны оқырманға сыйлайтын жалғыз *рухани шаңырақ* – кітапхана (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728), атауланатындар қатарында атауға болады. Атаулық тіркестің бірі – *президенттік шырша*. Газетте *Президенттік жаңажылдық шырша мерекесі* де, *Президенттің жаңажылдық шырша мерекесі* де бір материалда жүр. *Президенттің жаңажылдық шырша мерекесі* – дұрыс калька, тілдік бірліктердің тіркесу заңдылығына сай жасалған, әртүрлі жазылып жүрген тіркестерді бірізділендіруде үлгі етуге болады. “-и” қосымшасымен жасалатын жаңа тіркестер көбейген, мысалы: *саяси мәдениет* (Осылайша бәріміз жаңа *саяси мәдениетті* қалыптастыруға атсалыстық (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728), *саяси формула* (Биыл депутаттар Мемлекет басшысының «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» *саяси формуласын* іске асыруға белсенді үлес қосты (ЕҚ., 28 желтоқсан, 2023, №249 (30728), *рухани нәр* және т.б.

Қорытынды

Мақала мерзімді басылымдардан атаулық тіркестерді жинастырып, іріктеп, оларды топтарға бөліп, жасалу жолдарын зерттеген еңбектерге шолу жасауға; сөз тіркестері байланысу амалдарының номинативтену үдерісіне қатысын анықтауға; атаулық тіркестердің сөздік қоры қалай, қандай жолдармен көбейтіп жатқанын анықтауға арналған.

Қорыта келгенде, мақаланы жазу барысында мынадай нәтижеге қол жетті:

- номинативтену – тарихи үдеріс;
- қазақ тіліндегі атаулану үрдісі түрік изафетімен байланысты;
- сөздердің тіркесу амалдары номинативтену үдерісіне қатысады;
- жаңа атаулық тіркестердің пайда болуы – үздіксіз үдеріс;
- тіркестердің жазу тұрпатының өзгеруі (тіркес құрамындағы компоненттерді (сөздерді) біріктіріп жазу) олардың атаулық тіркестер қатарынан шығарылып, күрделі сөз қатарына жатқызуға әкеледі;

- жаңа атаулық тіркестерді тіркеп отыру – сөздік қорды түгендеу амалы;

- терминдік қатардың толығыуы атаулық тіркестер арқылы да жүзеге асады.

Бір сөзбен айтқанда, атаулық тіркестерді жасалу жолына қарай жіктеп, түгендеп (сөздіктерде тіркеп) отыру – теориялық та, практикалық та маңызы бар, үнемі назарда ұстауды қажет ететін тіл үдерісі.

Мақала «Жаңа Қазақстан контексіндегі тілдік сананы жаңғыртудың лингвистикалық құралдары мен әзірлемелері» (BR21882227) атты бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жарық көрді.

Әдебиеттер

Аблақов Ә., Исаев С., Ағманов Е. (1997) Қазақ тіліндегі сөз тіркесінің дамуы мен лексикалану процесі. – Алматы: Санат, 1997. – 319 б.

- Әуелбекова Ж. (2005) Қабыса байланысқан сөз тіркестерінің лексикалану семантикасы: филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2005. – 23 б.
- Балақаев М. (1957) Основные типы словосочетаний в казахском языке. – Алма-Ата, 1957. – 264 с.
- Гак В.Г. (2005) Теоретическая грамматика французского языка. Учебник. Серия: Studia Academica – изд. Добросвет, 2005. – 832 с.
- Дмитриев Н.К. (1948) Грамматика башкирского языка. – М.-Л., 1948. – 316 с.
- Ильясова Н.Ә. (2003) Қазіргі қазақ тіліндегі атаулық тіркестер: қалыптасуы мен даму үрдісі: филол. ғылым. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 25 б.
- Исаев С. (1973) Қазақ әдеби тілінің совет дәуірінде дамуы. – Алматы, 1973. – 195 б.
- Исаев С. (1998) Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.
- Күдерінова Қ. (2001) Қосымша // Сыздық Р. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Астана: Елорда, 2001. – 230 б.
- Қазақ тілінің жиілік сөздігі (2016) / А.Қ. Жұбанов, А.Ә. Жаңабекова т.б. – Алматы: Қазақ тілі, 2016. – 792 б.
- Майзель С.С. (1957) Изафет в турецком языке. – М., 1957. – 175 б.
- Мәмбетова М. (2011) Ресми-іскери тілдегі клише тұлғалар. – Алматы: Қазақ университеті, 2011. – 127 б.
- Момынова Б. (2023) «Қазақ» (1913-1918) газеті: әліпби, емле ерекшеліктері және лексика-грамматикасы. – Алматы: Қазақ тілі, 2023. – 246 б.
- Момынова Б. (2020) Аналитизм және клише тұлғалардың тіркесімдер сөздігінде тіркелуі турасында [электронды ресурс]. URL: <https://qazaqadabiet.kz/25237/analitizm-zh-ne-klishe-t-l-alardy-tirkесimder-s-zdiginde-tirkelui-turasynda>.
- Момынова Б. (2005) Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалаушытық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.
- Орысша-қазақша әскери сөздік (1942) / Құраст. Ф. Мұсаев, Ю. Цунвазо, К. Адайханов. – Алматы: Қазбірбас., 1942. – 204 б.
- Сағанаева Ф. (2009) Әскери саптық бұйрықтар тілі. – Алматы: Арыс, 2009. – 184 б.
- Сауранбаев Н. (1953) Қазақ тілі. Педучилишелерге арналған. – Алматы, 1953. – 112 б.
- Сәрсембаева М. (2004) Матаса байланысқан сөз тіркесінің лексикалануы негізінде жасалған туынды сөздер семантикасы: филол. ғылым. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 24 б.
- Түлекова Г.Х. (2019) Қазіргі қазақ тіліндегі етістікті сөз тіркестерінің грамматикалық құрылымдары жайында // А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының «Тілтаным» журналы. – 2019. – №1.

References

- Ablakov Ә., Isaev S., Agmanov E. (1997) Qazaq tilindegi soz tirkesining damuy men leksikalanu procesi. – Almaty: Sanat, 1997. – 319 b. [Ablaqov A., Isayev S., Agmanov E. (1997) The process of development and lexicalization of phrases in the Kazakh language. – Almaty: Sanat, 1997. – 319 p.] (in Kazakh)
- Auelbekova Zh. (2005) Qabysa bajlanysqan soz tirkesterining leksikalanu semantikasy. filol. gyl. kand.... avtoref. – Almaty, 2005. – 23 b. [Auelbekova Zh. (2005) Semantics of lexicalization of related phrases. abst.... cand. philol. scien. – Almaty, 2005. – 23 p.] (in Kazakh)
- Balaqayev M. (1957) Osnovnye tipy slovosochetaniy v kazahskom jazyke. – Alma-Ata, 1957. – 264 b. [Balaqayev M. (1957) The main types of phrases in the Kazakh language. – Alma-Ata, 1957. – 264 p.] (in Russian)
- Gak V. G. (2000) Teoreticheskaja grammatika francuzskogo jazyka. Uchebnik. Serija: Academica. – izd. Dobrosvet, 2005. – 832 b. [Gak V. G. (2000) Theoretical grammar of the French language. Textbook. Series: Studia Academica – ed. Dobrosvet, 2005. – 832 p.] (in Russian)
- Dmitriev N.K. (1948) Грамматика башкирского языка. – М. – Л., 1948. – 316 с. [Dmitriyev N.K. (1948) Grammar of the Bashkir language. – M.–L., 1948. – 316 p.] (in Russian)
- Piyasova N. A. (2003) Qazirgi qazaq tilindegi ataulyq tirkester: qalyptasuy men damu urdisi: filol. gyl. kand.... avtoref. – Almaty, 2003. – 25 b. [Ilyasova N. A. (2003) Name phrases in the modern Kazakh language: formation and development trends: abst. ... cand. philol. scien. – Almaty, 2003. – 25 p.] (in Kazakh)
- Isaev S. (1973) Qazaq adebi tilining sovet dauirinde damuy. – Almaty, 1973. – 195 b. [Isayev S. (1973) Development of the Kazakh literary language in the Soviet era. – Almaty, 1973. – 195 p.] (in Kazakh)
- Isaev S. (1998) Qazirgi qazaq tilindegi sozderding grammatikalыq sipaty. – Almaty: Rauan, 1998. – 304 b. [Isayev S. (1998) Grammatical nature of words in the modern Kazakh language. – Almaty: Rauan, 1998. – 304 p.] (in Kazakh)
- Kuderinova Q. (2001) Qosymsha. – Syzdyq R. Tildik norma zhane onyng qalyptanuy. – Astana: Elorda, 2001. – 230 b. [Kuderinova Q. (2001) Appendix. – Syzdyq R. Language norm and its formation. – Astana: Elorda, 2001. – 230 p.] (in Kazakh)
- Qazaq tilining jiielik sozdigi (2016) / A.Q. Zhubanov, A.A. Zhanabekova t. b. – Almaty: Qazaq tili, 2016. – 792 b. [Frequency Dictionary of the Kazakh language (2016) / A. K. Zhubanov, A. A. Zhanabekova etc. – Almaty: Qazaq tili, 2016. – 792 p.] (in Kazakh)
- Maizel S.S. (1957) Izafet v tureckom jazyke. – M., 1957. – 175 b. [Maisel S.S. (1957) Izafet in the Turkish language. – M., 1957. – 175 p.] (in Russian)
- Mambetova M. (2011) Resmi-iskeri tildegi klishe tulgalar. – Almaty: Qazaq universiteti, 2011. – 127 b. [Mambetova M. (2011) Cliche persons in the official-business language. – Almaty: Kazakh university, 2011. – 127 p.] (in Kazakh)

Momynova B. (2023) «Qazaq» (1913-1918) gazetini alipbi, emle erekshelikleri zhane leksika-grammatikasy – Almaty: Qazaq tili, 2023. – 246 b. [Momynova B. (2023) Newspaper "Kazakh" (1913-1918): alphabet, spelling features and vocabulary-grammar. – Almaty: Qazaq tili, 2023. – 246 p.] (in Kazakh)

Momynova B. (2020) Analitizm zhane klishe tulgalardyng tirkesimder sozdiginde tirkelui turasynda [Momynova B. (2020) Analytics and cliché on the registration of persons in the dictionary of combinations] [electronic resource]. <https://qazaqadebieti.kz/25237/analitizm-zh-ne-klishe-t-l-alardy-tirkesimder-s-zdiginde-tirkelui-turasynda> (in Kazakh)

Momynova B. (2005) Qazaq tilindegi qogamdyq-saiyasi leksika: aleumettik-bagalauyshtyq sozzhasam. – Almaty: Qazaq universiteti, 2005. – 140b. [Momynova B. (2005) Socio-political vocabulary in the Kazakh language: socio-evaluative word formation. – Almaty: Kazakh University, 2005. – 140 p.] (in Kazakh)

Oryssha-qazaqsha askeri sozdik (1942) / Qurast. Gh. Musayev, Yu. Cunvazo, K.Adajhanov. – Almaty: Qazbirbas., 1942. – 204 b. [Russian-Kazakh military dictionary (1942) / developers are Gh. Musayev, Yu. Cunvazo, K. Adaikhanov. – Almaty: Kazbirbas. – 204 p.] (in Kazakh)

Saganaeva Gh. (2009) Askeri saptyq bujryqtar tili. – Almaty: Arys, 2009. – 184 b. [Saganayeva Gh. (2009) Language of military line orders. – Almaty: Arys, 2009. – 184 p.] (in Kazakh)

Sauranbaev N. (1953) Qazaq tili. Peduchilishchelerge arналган. – Almaty, 1953. – 112 b. [Sauranbayev N. (1953) Kazakh language. For teachers. – Almaty, 1953. – 112 p.] (in Kazakh)

Sarsembaeva M. (2004) Matasa bajlanysqan soz tirkesining leksikalanuy negizinde zhasalghan tuyndy sozder semantikasy: filol. gyl. kand.... avto-ref.: 10.02.02. – Almaty, 2004. – 24 b. [Sarsembayeva M. (2004) Semantics of derived words based on the lexicalization of the Matasa-linked phrase: abst.... cand. philol. scien.: 10.02.02. Almaty] (in Kazakh)

Tulekova G.Kh. (2019) Qazirgi qazaq tilindegi etistikti soz tirkesterining grammatikalyq qurylymdary zhajynda [Journal "Tiltanym" of the Institute of Linguistics named after A. Baitursynov, 2019 (1)] (in Kazakh)

Мақаланың редакцияға түскен күні: 01.03.2024